

3-бөлім
**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН
БАҒАЛАУ**

Section 3
**ASSESSMENT OF EDUCATION
QUALITY**

Раздел 3
**ОЦЕНКА КАЧЕСТВА
ОБРАЗОВАНИЯ**

**Маликов К.Т., Ынтымақов Т.Ж.* , Серіков Р.С.,
Картанова С.З., Баимбетова Қ.Э.**

Ұлттық тестілеу орталығы, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.,
*e-mail: voud_student@mail.ru

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАҒАЛАУ МЕХАНИЗМДЕРІ

Мақалада Қазақстандағы жоғары білім берудің сапасын бағалау мәселесі қарастырылады. Қазақстандағы жоғары білім берудің сапасын бағалаудың мемлекеттік аралық бақылаудан (МAB) оқу жетістіктерін сырттай бағалауға (ОЖСБ) өтуге дейінгі тарихы талданады. Мемлекеттік аралық бақылау (МAB) және оқу жетістіктерін сырттай бағалаудың (ОЖСБ) міндеттері, кезеңдері және нәтижелері қарастырылады. Оқу үдерісін ұйымдастыру сапасын бағалау және білім беру сапасын мониторингілеуді өткізудегі МAB және ОЖСБ өзіндік ерекшеліктері салыстырмалы аспектіде талданады. Оқу жетістіктерін бағалау әдістерінің салыстырмалы сипаттамалары көрсетіледі.

Мониторингтік жүйедегі мәліметтердің сапалық айырмашылықтары: қазақстандық қоғам үшін ақпарат ретінде білім берудің ортасындағы үдерісті бағалау және срез, жоо бәсекелестігін ынталандыру, білім беру ұйымдарында көрсетілетін қызметтер сапасын арттыруға ынталандыру; жалпыға міндетті пәндерді бағалауды базалық және бейіндік пәндермен алмастыруға айрықша назар аударылады. Сол сияқты авторлар ОЖСБ жүйесіндегі ағымдағы өзгерістерді 2019 жылдан басталған жалпы білім беретін пәндерді бағалауға көшумен негіздейді.

Түйін сөздер: білім беру сапасының мониторингі, мемлекеттік аралық бақылау, оқу жетістіктерін сырттай бағалау, кластеризация.

Malikov K.T., Yntymakov T.Zh.* , Serikov R.S.,
Kartanova S.Z., Baimbetova K.E.

National Center of Testing, Kazakhstan, Nur-Sultan,
*e-mail: voud_student@mail.ru

Mechanisms for Assessing the Quality of Education in Kazakhstan

It was studied the issues of assessing the quality of higher education in Kazakhstan in the article. The history of the transition from intermediate state control (ISC) to an external assessment of academic achievement (EAAA) in assessing the quality of higher education in Kazakhstan was studied and analyzed. The tasks, stages and results of the intermediate state control (ISC) and the external assessment of academic achievement (EAAA) are considered. In a comparative aspect, the characteristic features of the ISC and EAAA are analyzed in assessing the quality of the organization of the educational process and monitoring the quality of education.

Comparative characteristics of educational achievement assessment methods are given. Attention is focused on the qualitative differences between these monitoring systems: a slice and evaluation of the process in the middle of the educational path and the resulting external assessment of students' achievements as information for the Kazakhstani public, stimulating the competition of universities, stimulating the activities of educational organizations to improve the quality of services provided; bias from the assessment of compulsory disciplines to the basic and core disciplines. At the same time, the authors substantiate the current changes in the VOUD system – the transition to the assessment of general educational disciplines from 2019.

Key words: monitoring the quality of education, intermediate state control, external assessment of academic achievements, clustering.

Маликов К.Т., Ынтымаков Т.Ж. *, Сериков Р.С.,
Картанова С.З., Баимбетова К.Э.

Национальный центр тестирования, Казахстан, г. Нур-Султан,
*e-mail: voud_student@mail.ru

Механизмы оценки качества образования в Казахстане

В статье рассмотрены вопросы оценки качества высшего образования в Казахстане. Изучена и проанализирована история перехода от промежуточного государственного контроля (ПГК) к внешней оценке учебных достижений (ВОУД) в оценке качества высшего образования в Казахстане. Рассмотрены задачи, этапы и результаты промежуточного государственного контроля (ПГК) и внешней оценки учебных достижений (ВОУД). В сравнительном аспекте проанализированы характерные особенности ПГК и ВОУД при оценке качества организации учебного процесса и проведении мониторинга качества образования. Приведены сопоставительные характеристики методов оценивания учебных достижений. Акцентировано внимание на качественных различиях данных мониторинговых систем: срез и оценка процесса в середине образовательного пути и результирующая внешняя оценка достижений студентов как информация для казахстанской общественности, стимулирования конкуренции вузов, стимулирование деятельности организаций образования на повышение качества предоставляемых услуг; смещение с оценки общеобязательных дисциплин к базовым и профилирующим дисциплинам. В то же время, авторы обосновывают текущие изменения в системе ВОУД – переходу оценки общеобразовательных дисциплин с 2019 г.

Ключевые слова: мониторинг качества образования, промежуточный государственный контроль, внешняя оценка учебных достижений, кластеризация.

Кіріспе

Білім қоғамның заманауи өркендеуінде әлеуметтік-экономикалық дамуының басты шарты, ал халықтың білім сапасының деңгейі мемлекеттің тұрақты индустриалды дамуының маңызды факторы ретінде қарастырылады. Сол себепті Қазақстанда жоғары білім беру жүйесін жетілдірудің маңызды факторларының бірі жоғары оқу орны түлектерінің қоғам мен еңбек нарығындағы қойылатын талаптарға сай келуін қадағалайтын білім беру сапасына бақылау (бағалау) жүргізу болып табылады.

Білім сапасы – бұл маңызды мәселе. Ол білім беру үдерісінің нәтижелілігі мен күйін көрсететін әлеуметтік санат болып табылады.

Қазақстан 2010 жылдың 11 наурызында Будапеште өткен **Білім министрлерінің форумы**нда Болон үдерісіне қосылып, еуропалық ортақ жоғары білім беру жүйесіне енген Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет болғаны белгілі. Қазақстанның Болон үдерісіне қосылуы отандық жоғары оқу орындары мен студенттер үшін **көптеген мүмкіндіктер береді. Бұл туралы** Қазақстанның сол кездегі Білім және ғылым министрі өзінің Венгрия астанасы Будапештегі Білім министрлерінің форумында сөйлеген сөзінде: «Қазақстанды **Болон үдерісіне қосу туралы** оң шешімнің қабылдануы біздің елімізде жоғары білім саласында жүргізіліп жатқан

реформаларға еуропалық академиялық топтар тарапынан **берілген жоғары баға болып табылады**» деп көрсеткен болатын [1] (Әнуарбек, 2019).

Болон үдерісінің негізгі мақсаттарымен қатар жүретін негізгі өлшемдеріне тоқталатын болсақ, олар мыналарды қамтиды:

- жоғары білімнің үш деңгейлі жүйесі;
- ECST (European Credit Transfer and Accumulation System – Еуропалық кредиттер жинақтау және аудару жүйесі) академиялық несиелері;
- Жоғары оқу орны (ЖОО) студенттерінің, оқытушылары мен басқарушыларының академиялық **икемділігі (ортақ білім кеңістігі бойынша еркін жүріп-тұруы)**;
- дипломға еуропалық қосымша беру;
- жоғары білім сапасын қадағалау;
- біртұтас еуропалық зерттеу кеңістігін құру

[2] (Жүсіпова, 2019).

Еліміздің Болон үдерісіне қосылуындағы басты мақсаттарының бірі – еуропалық білімге деген қолжетімділікті қамтамасыз ету және қазақстандық білім беру жүйесінің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығына сәйкес білім беру жетістіктеріне мемлекеттік бақылау *орталықтандырылған тестілеу* түрінде жүргізілді.

Мемлекеттік аралық бақылау

2005 жылдан бастап жоғары білім беру ұйымдарында білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және жоғары білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – Мемлекеттік стандарт) кіретін жекелеген пәндерді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында мемлекеттік аралық бақылау (МАБ) жүргізілді. Білім алушыларды мемлекеттік аралық бақылау республикамыздағы білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесінің маңызды компоненттерінің бірі екенін атап өткен жөн.

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын» орындау мақсатында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында мемлекеттік аралық бақылау өткізу Ережелері әзірленді [3] (Түймебаев, 2007).

Мемлекеттік бақылау мен бағалауды жүргізу Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығына (бұдан әрі – Орталық) жүктелді. МАБ Орталық әзірлеген технология бойынша тестілеу түрінде өткізілді.

МАБ-ты ұйымдастыру және өткізу үшін Орталықпен келесі жұмыстар жүргізілді:

- 1) тест тапсырмаларын әзірлеушілер мен сарапшылар үшін оқу семинарларын өткізу;
- 2) тест тапсырмаларының қорын қалыптастыру;
- 3) тест тапсырмаларын апробациядан өткізу;
- 4) МАБ өткізу технологиясын жасау;
- 5) МАБ өткізу үшін ұйымдастыру-технологиялық нұсқаулығын жасау;
- 6) деректер базасын құруға байланысты барлық іс-шараларды сүйемелдеуге қажет бағдарламалық жабдықтарды әзірлеу, студенттерді ЖОО-лар бойынша бөлу, тестілеуді өткізу;
- 7) тестілеу өткізу үшін емтихан материалдарын дайындау;
- 8) МАБ өткізу бойынша ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстарын жүргізу;
- 9) МАБ нәтижелерін өңдеу және талдау жасау.

Білім беру ұйымдарындағы МАБ-тың міндеттері:

- оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау;
- білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру;
- студенттерге білім беру сапасы мен оқу үдерісіне субъективизм мен кері факторлардың әсерін жою;

– Республика бойынша университеттер көрсететін білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жүргізу [3].

Оқу нысаны бойынша МАБ тест тапсырмаларын, мамандық топтары және пәндердің тізімін, санын ҚР БҒМ бекітті. МАБ өткізу кезінде дайындық бағытын ескере отырып, типтік оқу бағдарламасы негізінде Мемлекеттік стандарт компонентінің пәндері бойынша құрастырылған тест тапсырмалары қолданылды. Тест тапсырмаларының Мемлекеттік стандартқа сәйкестігін тексеру үшін Сарапшылар кеңесінде сараптама жүргізілді.

Сараптама жұмыстары кезінде сарапшылар келесі әдістемелік талаптарға сүйенді:

1. Тест тапсырмаларының мағынасы тек бір жауапты білдіруі қажет;
2. Жауаптардың дұрыстығы (дұрыс еместігі) талас тудырмауы қажет, яғни ҚР БҒМ ұсынған оқулықтармен сәйкес болуы қажет;
3. Тест тапсырмаларының мазмұны Мемлекеттік стандартқа, үлгілік оқу бағдарламаларына, сонымен қатар жаңа оқу пәндері мен оқулықтарға толығымен сәйкес болуы қажет;
4. Тест тапсырмаларының жауаптары тестіленушінің өтілген материалдар туралы пікірін емес, оқу материалдарын меңгеру деңгейін көрсетуі қажет;
5. Тест тапсырмаларының мазмұны оқу пәндеріндегі шынайы және ұтымды дәлелдеуге келетін мазмұнда болуы қажет;
6. Тесттегі тест тапсырмалары жалпы алғанда оқу курсының бөлімдері мен негізгі тақырыптарын толық қамтуы қажет.

МАБ Мемлекеттік стандарттың құрамына кіретін жалпыға міндетті циклдың 3 пәні және базалық циклдың 2 пәні бойынша кешенді тестілеу түрінде жүргізілді. Тест тапсырмаларының жалпы саны 125, әр пән 25 тапсырмадан тұрады, тестілеу уақыты – 180 минут. Жалпыға міндетті пәндер қатарына «Информатика», «Философия», «Шет тілі» кірді. Базалық пәндерді Республикалық оқу-әдістемелік кеңес (РОӘК) секциясы ұсынып отырды. МАБ базалық пәндерін таңдау кезінде РОӘК кадрларды даярлаудың мақсаттары мен талаптарына сүйенді.

МАБ-қа Информатиканың енгізілуі қоғамда, техниканың, ғылымның барлық саласына компьютерлік технологияның енгізілуіне, көптеген ұйымдарда автоматтандырылған жұмыс орындарының енгізілуіне байланысты. Философия дүниетанымның қалыптасуына ықпал ететін барлық ғылымдардың бастауы ретінде

барлық мамандықта білім алушы студенттерге білім беруде міндетті пән болып табылады. Бұл пәнді оқыту барысында қоғам мен ойлау туралы, табиғат дамуының жалпы заңдылықтары туралы, шындықты мойындау әдістері, диалектиканың және ғылыми ойлаудың негізгі түсініктері беріледі [9]. Бүгінгі технология және жаһандану заманында шет тілін меңгеру жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін қажеттілік. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа бірігуі азаматтарымыздың әлемдік тілдерді меңгеруі нәтижесінде мүмкін болатыны белгілі. Елбасымыз 90 жылдардың басында-ақ шет тілдерін меңгеру қажеттілігі жөнінде сөз қозғаған, себебі бірнеше жылдан соң үштілділік қоғамымыздың шындығына айналуы қажет [4] (Абдиев, 2015).

Көптілділік біздің қоғам үшін 2006 жылғы Елбасының «Тілдердің үштұғырлылығы» – «Триединство языков» – «Trinity of languages» тұжырымдамасынан бастау алғаны мәлім. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Үш тілді меңгеру – біздің еліміздің әрбір азаматына өмірдегі шексіз жаңа мүмкіндіктерді ашады. Қазақстанды әлем халқы үш тілді бірдей пайдаланатын жоғары білімді мемлекет ретінде тануы керек», – деген болатын [5] (Өтебаев, 2009).

МАБ 2005-2011 жылдар аралығында кезеңімен енгізіліп, өткізілді. Алғашында 2004

жылы пилоттық жоба ретінде білім алушыларды аралық бақылау (БАА) енгізілді, онда күндізгі бөлімнің студенттеріне төрт бағыт: экономикалық, педагогикалық, құқық және медициналық бағыт бойынша бақылау жүргізілді. Пилоттық жобаның көмегімен МАБ өткізу технологиясы мен ережесі қайта жасалды, МАБ ұйымдастыру мен өткізуге қатысатын тұлғалар мен ұйымдардың атқаратын функциялары (қызметтері), сонымен қатар, студенттері МАБ-тың шекті деңгейінен өте алмаған кезектен тыс аттестациялауға жататын ЖОО-лар саны анықталды.


2005 жылы БАА атауы МАБ болып өзгертілді. 2005 жылы күндізгі оқу нысанының барлық азаматтық мамандықтары қамтылды.

2006 жылы «Әскери іс және қауіпсіздік» бағытының мамандықтары қосылды.

2007 жылы сырттай оқу бөлімі студенттері үшін педагогика, экономика және құқық бағыты мамандықтары қосылды.

2008-2011жж. МАБ-та күндізгі және сырттай оқу бөлімінің барлық мамандықтары қамтылды.

Мемлекеттік бақылау шекті деңгейді анықтау арқылы жүргізіліп отырды. 2005 жылы шекті балл дұрыс жауаптардың 30% құрады, 2006-2007 жж. – 35% құрады. Мемлекет тарапынан білім сапасына қойылған талаптың жылдан-жылға жоғарылауына байланысты әр жылдар бойынша шекті балл 30%-дан 60%-ға дейін жоғарылап отырды.



1-сурет – 2004-2011 жж. МАБ нәтижелері

2004-2011 жж. аралығындағы МАБ нәтижелеріне сәйкес орташа балдың жоғарылағанын, шекті деңгейден өте алмаған студенттер үлесінің, сонымен қатар МАБ-қа қатысқан ЖОО-лар санының төмендегенін көруге болады (1-сурет).

2005 жылға дейін Республикада ЖОО-ның саны 200-ден аса болды, соның ішінде 160 азаматтық, 45 филиал және 5 ЖОО-ның өкілдігі болды. МАБ нәтижелеріне сәйкес 2007 жылы ЖОО-ны кезектен тыс тексеру нәтижесінде білім беру стандарттарына сәйкес келмейтін көптеген жоғары білім беру ұйымдары, ЖОО филиалдары жұмысын тоқтатты, сәйкесінше ЖОО-ның саны азайды. Соның нәтижесінде МАБ тапсыруға 2011 жылы 140 ЖОО-ның студенттері қатысты. Бұл өз кезегінде білім беру қызметіндегі орын алған кемшіліктерді айқындап, білім беру қызметінің сапасын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты.

Бастапқы жылдары студентке тестілеудің нәтижелері негізінде сертификат беріліп отырды. Сол себепті МАБ-тың нәтижелері студенттің үлгеріміне әсер ететін, себебі, шекті деңгейден өте алмаған студент мемлекеттік гранттан айырылатын және келесі жылға оқуға қалдырылатын. МАБ-тан қайта өтпеген ақылы бөлімнің студенттері ақылы негізде қайта оқу курсына қалдырылды. 2008 жылдан бастап ЖОО-лардың ұсынысы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі келісімімен (ҚР БҒМ) бұл шара жеңілдетілді, алайда ЖОО-лар студенттер контингентінің кемінде 70%-ның қатысуын қамтамасыз етуге тиісті болды.

Жалпы алғанда МАБ енгізу ЖОО-лар тарапынан көрсетілетін білім сапасына оң әсер етті, студенттерге білім беру мен оқу үдерісін ұйымдастырудағы көптеген олқылықтарды анықтап жоюға мүмкіндік берді.

2005 жылы білім беру жүйесін реформалау барысында МАБ маңызды стратегиялық мәнге ие болды. МАБ көмегімен анықталған мынадай басты кемшіліктерді атап көрсетуге болады:

1. Көптеген университеттер оқытуды Мемлекеттік стандартқа сәйкес келмейтін бағдарлама бойынша жүргізіп келген:

– Мемлекеттік стандартта көрсетілген кейбір міндетті пәндер мүлдем оқытылмаған;

– пәндердің мазмұны Мемлекеттік стандарт бағдарламаларына сәйкес емес.

2. Студенттер контингентінде ресми есептелетін, бірақ оқуға келмейтін студенттер бар екендігі анықталды.

3. МАБ нәтижелеріне сәйкес білім беру қызметін төмен сапада көрсететін, кезексіз қайта мемлекеттік аттестаттауға жататын ЖОО-лардың тізімі анықталды.

4. Көптеген ЖОО-лардың, әсіресе жекеменшік ЖОО-лардың еліміз бойынша оқыту мүлдем жүргізілмейтін филиалдары мен өкілдіктері бар екендігі анықталды.

Жоғары білімдегі оқу жетістіктеріне сырттай бағалау рәсімінің енгізілуі

МАБ көмегімен ЖОО-лардың оқу процесінде орын алған кемшіліктер анықталып, жойылды. МАБ өзінің негізгі мақсат, міндеттерін орындағаннан кейін, уақыт талаптарының өзгеруіне байланысты өзектілігін жоя бастады. Себебі, МАБ студенттердің жалпыға міндетті және базалық пәндер бойынша білім деңгейін тексеруге бағытталды. Ал, заман талабы ЖОО-лардың бәсекеге қабілетті, жоғары білікті мамандарды даярлау сапасын, яғни студенттердің өз мамандығы бойынша білім деңгейін анықтауды қажет етті. Осыған орай, студенттердің базалық және бейінді пәндерді меңгеру деңгейін анықтау мақсатында ОЖСБ рәсімі енгізілді.

ОЖСБ-ның міндеттері:

– Білім алушылардың оқу жетістіктерін мониторингілеуді жүзеге асыру;

– Оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау;

– Білім беру ұйымдары көрсететін білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасау [6] (Интымаков, 2014).

ОЖСБ рәсімін енгізу біртіндеп жүргізілді. 2012 жылы ОЖСБ «Білім» бағытының 7 мамандығы бойынша, «Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес» бағытының 6 мамандығы және «Кұқық» бағытының 3 мамандығы бойынша өткізілді. 2016-2018 жж. студенттер санының артуына байланысты ОЖСБ тапсыратын бағыттар саны, сәйкесінше мамандықтардың саны артты (1-кесте).

ОЖСБ ЖОО-лардың барлық оқыту нысаны бойынша білім алатын студенттері үшін 4 пән бойынша кешенді тестілеу түрінде жүргізілді. Пәндер Мемлекеттік стандарттың міндетті компоненті болып табылатын бейінді пәндер циклы мен базалық пәндер циклынан алынды. Әр пән бойынша тест тапсырмаларының саны – 25, жалпы тест тапсырмасының саны – 100, тестілеу уақыты – 150 минут.

1-кесте – 2012-2018 жж. ОЖСБ бағыттар бойынша тапсырған мамандықтар саны

Бағыт	2012	2013	2014	2015	2016-2018
Білім	7	14	-	20	20
Гуманитарлық ғылымдар	-	-	-	9	9
Құқық	3	-	3	3	3
Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес	6	-	6	6	8
Жаратылыстану ғылымдары	-	12	12	12	12
Техникалық ғылымдар және технология	-	-	28	28	28
Ауылшаруашылық ғылымдар	-	12	12	12	12
Қызмет көрсету	-	-	-	8	9
Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру	-	-	6	-	-
Барлығы	16	38	67	98	101

Мемлекеттік мониторингтің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында 2013 жылы ОЖСБ-да алғаш рет тест тапсырмаларының жаңа түрі – берілген жауап нұсқаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау тесті қолданылды. Студентке барлық дұрыс жауапты таңдаса 2 балл, бір қате болса – 1 балл, 2 және одан көп қате үшін – 0 балл беріледі. Тест тапсырушы дұрыс жауаптардың нақты санын білмеуі қажет, себебі, студент дұрыс жауаптардың санын табуға емес, мазмұнына көңіл бөлуі тиіс.

Берілген тест тапсырмаларының артықшылығы:

- дұрыс жауапты болжап табуды болдырмау;
- студенттердің білімін толыққанды, терең және объективті, әділ бағалау;

– педагогикалық өлшемдердің сапасын көтеру.

Тесттерді дайындау және тестілеу нәтижелерін бағалау түрлерін анықтау барысында, тестология, квалиметрия саласындағы әйгілі ғалымдардың (Пру Андерсен, Джордж Морган, Винсент Грини, В.В.Аванесов және т.б.) және осы саладағы жетекші ұйымдардың (ECTS, CECED, CITO, ФИПИ) ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика әдістерін қолдану арқылы білімнің жеткілікті минимумы белгіленді. Ұлттық тестілеу орталығы ОЖСБ нәтижесін кредиттік оқыту технологиясы бойынша бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласын ғылыми-техникалық кеңесте талқылап, бекітті (2-кесте).

2-кесте – ОЖСБ нәтижесі балдарын кредиттік бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласы

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Әріптік жүйе бойынша бағалау	γ- таралу	
		Төменгі шекара	Жоғарғы шекара
Өте жақсы	A	147	200
	A-	133	146
Жақсы	B+	126	132
	B	119	125
	B-	113	118
Қанағаттанарлық	C+	105	112
	C	91	104
	C-	77	90
	D+	63	76
	D	50	62
Қанағаттанарлықсыз	F	0	49

ОЖСБ өткізу технологиясы. Республика бойынша ОЖСБ ұйымдастырып, өткізу үшін базасында ОЖСБ өткізілетін ЖОО-лар (базалық ЖОО-лар) белгіленеді. Әр базалық ЖОО-ларға бірнеше желілік ЖОО-лар бекітіледі, яғни желілік ЖОО-лардың студенттері тестілеуді базалық ЖОО-ларда тапсырады. ОЖСБ ұйымдастырып, өткізу технологиясы негізгі төрт кезеңнен тұрады:

Бірінші кезең – студенттер контингентін қалыптастыру және оларды базалық ЖОО-ларға бөлу. Орталық әр базалық ЖОО-дағы аудиторияда отыру санына сәйкес студенттерді бөлді, яғни әр студент белгілі бір аудиторияға және орынға бекітілді. Аудитория бойынша бөлінген студенттерге тест тапсыру күні көрсетілген тестілеуге кіру рұқсаттамалары берілді. Әр студенттің отырғызу орны тестілеу өткізу қарсаңында отырғызу парағын шығару арқылы анықталды.

Екінші кезең – ОЖСБ рәсімін өткізу. Студенттерге мамандығы және тапсыру тіліне сәйкес сұрақ кітапшалары мен жауап парақтарын


беру. Тестілеу аяқталған соң барлық материалдар мөрленеді және intervoid арнайы пакетінде студенттердің жауап парақтары сканерлеуге жіберілді.

Үшінші кезең – тестілеу материалдарын өңдеу. Жауап парақтары арнайы сканерден өткізу арқылы өңделеді.

Төртінші кезең – алынған мәліметтер басып шығарылып, тестілеу нәтижелері берілді.

ОЖСБ-ны ұйымдастырып өткізуді ҚР БҒМ өкілдері, Орталық жүргізеді, ал ОЖСБ рәсімін бақылауды Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті жүргізеді. Орталық мынадай ұйымдастыру және өткізу жұмыстарын жүргізді:

- тестілеу материалдарын құрастыру және сараптамадан өткізу;
- базалық және желілік ЖОО-лардан студенттердің деректер қоры мен аудиториялық қорын (ғимараттардың аумақтық орналасуы, аудиториялардың ғимарат бойынша орналасу жоспары) қалыптастыру;
- емтихан материалдарын қалыптастыру және буып-түю, базалық ЖОО-ларға жөнелту.



2-сурет – 2012-2018 жж. ОЖСБ нәтижелері

ОЖСБ-ның нәтижелері әртүрлі мақсаттағы топтарға арналған статистикалық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік береді. Жоғары білім беру жүйесінің тиімділігін анықтау үшін барлық ЖОО бойынша студенттер контингенті, оқу формасы, оқу түрі, ЖОО мәртебесі, мамандықтар және

пәндердің тақырыптық бөлімдерін меңгеруі бойынша талдаулар жасалды[6].

ОЖСБ нәтижесі:

- ЖОО-лардың ұлттық рейтингін анықтау;
- Студенттердің оқу бағдарламасын меңгеруіне мониторинг жүргізу;

– Оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау;

– ЖОО-лар ұсынған білім беру қызметінің сапасына салыстырмалы талдау жасау үшін қолданылады.

Сонымен қатар, ОЖСБ нәтижелерін төмендегідей мақсаттарға қолдануға болады:

– Оқу бағдарламасын меңгеру деңгейіне мониторинг жүргізу үшін:

– оқыту нысаны бойынша салыстырмалы талдау;

– студенттер контингенті бойынша кластерлік талдау;

– ЖОО-ның мәртебесі бойынша кластерлік талдау;

– мамандар даярлау бағыты бойынша кластерлік талдау.

– Оқу үдерісін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау үшін:

– ЖОО бойынша салыстырмалы талдау;

– бағыттар бойынша салыстырмалы талдау;

– мамандықтар бойынша салыстырмалы талдау.

– ЖОО көрсететін білім беру қызметтерінің сапасына салыстырмалы талдау жасау үшін «оқу бағдарламасын меңгеру» көрсеткішін есептеу әдісін қолдануға болады.

– ОЖСБ-ның нәтижелерін рейтингтік зерттеу жүргізетін ұйымдар, мысалы, «Білім беру сапасын қамтамасыздандыру тәуелсіз қазақстандық агенттігі» пайдаланады.

– ОЖСБ нәтижесін тиісті орган білім саласындағы заңның сақталуын тексеру барысында тәуекелдерді бағалау жүйесінің критерий ретінде қарастырады.

Нәтижелер және талдау

МАБ және ЖБ ОЖСБ ерекшеліктері

1. ОЖСБ-ның МАБ-тан түбегейлі айырмашылығы білім беру ұйымдарының жауапкершіліктен босатылуы. МАБ-та шекті деңгейді орнату арқылы білім беру сапасына мемлекеттік бақылау жүргізілсе, ОЖСБ-да ЖОО-лар көрсететін білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг жүргізіліп отырды. ОЖСБ нәтижелері потенциалды студенттерге, ата-аналар қауымына ЖОО-лар көрсететін білім беру қызметтерінің сапасы туралы кең ауқымды ақпарат береді. Осылайша, білім беру ұйымдарының рейтингісі қалыптастырылады және дайындықты жеткілікті деңгейде көрсете алмаған ЖОО-лар төмен рейтингтік көрсеткішке

ие болады, ол өз кезегінде түсуші студенттер санының төмендеуіне алып келеді. Сол себепті ЖОО-лар мұндай жағдайлардың алдын алу үшін қажетті іс-шараларды жасауға мәжбүр болады.

2. МАБ тек қана 2 курс студенттеріне (медициналық мамандықтар үшін – 3 курс) жүргізілсе, ОЖСБ бітіруші курс студенттеріне жүргізілді. МАБ ЖОО-ларда оқытудың аралық кезеңіндегі білімге бақылау жүргізуге арналған, ал ОЖСБ ЖОО-ды бітіруші түлектердің білімін бағалау үшін жүргізілді, себебі бітіруші түлектер ЖОО-лар көрсететін білім беру қызметтерінің нәтижесін көрсетеді және соның нәтижесінде көрсетілетін білім беру қызметтерінің салыстырмалы сапасы туралы айтуға мүмкіндік береді.

3. МАБ кешенді тестілеу түрінде Мемлекеттік стандартқа кіретін 3 жалпы білім беретін және 2 базалық цикл пәндері бойынша жүргізілді, ал ОЖСБ өткізу үшін Мемлекеттік стандарттың базалық және бейінді циклдеріне кіретін 4 пән бойынша тест тапсырмалары пайдаланылды. 2 курс базасында жүргізілетін аралық тестілеу жалпыға міндетті және базалық циклдің құрамына кіретін оқытылған пәндерді меңгеру деңгейін көрсетеді. Сонымен қатар, ЖОО студенттерінің бейінді пәндер бойынша білім алуын жалғастыруға қаншалықты дайын екендігін көрсетеді. Ал, бітіруші курс базасына жүргізілетін ОЖСБ көмегімен 5-8 семестр бойынша бейінді және базалық пәндерді меңгерген студенттердің білім деңгейі бағаланады.

4. МАБ тестілеу тапсырмалары бес жауаптан бір дұрыс жауапты таңдау түрінде болса, ал ОЖСБ-да берілген тест тапсырмаларынан бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау нысаны қолданылады. Айтылған нысанды қолдану бітіруші студенттердің біліміне тереңірек талдау жасауға және нақты, тиянақты нәтиже алуға мүмкіндік береді [4] (Абдиев, 2015).

2017 жылғы 12 сәуірде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы жарияланып, онда қоғамдық сананы жаңғыртудың нақты бағыттары айқындалып көрсетілгені баршамызға мәлім. Бұл бағдарламалық мақала жастарымыздың өз халқының тарихы мен дәстүрлері туралы білімдерді игеруін, патриоттық сезімде тәрбиеленулерін объективті бағалауға бағытталып отыр. Сонымен қатар, Елбасы модернизация ұлттық санадан, яғни өзімізден басталу керектігін айқындады.

Жоғары білімдегі, техникалық және кәсіптік білім берудің алдына қойылып отырған негізгі

міндет – жұмыс нарығында бәсекеге қабілетті, білікті, жауапты, жұмыста әрдайым жоғарылауға дайын, жоғары білікті мамандарды дайындау.

ЖОО-лардағы студенттерді тәрбиелеу үдерісінің ерекшелігі студенттерге патриоттық тәрбие беру, өз халқының тарихын білу және құрметтеу, Қазақстанның келешегін жасауға белсенді қатысуға дайын болатындай тәрбие беру[7].

Осы мақсатта 2019 жылдан бастап ЖБ ОЖСБ төмендегідей төрт жалпы білім беретін пәндер бойынша өткізілгелі отыр:

- Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы.
- Философия.
- Ақпараттық коммуникациялық технология (ағылшын тілінде).
- Шет тілі (ағылшын, неміс, француз).

Елбасы мақаласында атап өткендей «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім

екенін әркім терең түсінуі керек. Құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», яғни, рухани жаңғыру, заманауи сананы қалыптастыру және озық білімді игеру арқылы ғана инновациялық, технологиялық, экономикалық модернизацияға қол жеткіземіз.

Қорыта келе, білім беру сапасы мәселелерін зерделеуге арналған ғылыми зерттеулер сапалы білім мен елдің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі арасында өзара тығыз байланыс бар екенін көрсетті. Сол себепті сапалы білімге жалпы қолжетімділікті тиімді жүйеге келтіру әлемнің көптеген дамыған елдерінде мемлекеттің алдына қойған мақсаты болып табылады, яғни білім беру сапасын бақылау мен бағалау мақсатында білім беру сапасын бағалаудың ұлттық жүйесін қалыптастырды. Біздің елімізде білім беру сапасын бақылау және бағалау мақсатында МАБ, ЖБ ОЖСБ рәсімдері қолданылды.

Әдебиеттер

- 1 Әнуарбек Ә. «Болонсыз» білім болмады ма? // Режим доступа – <http://kazbilim.kz/?p=2997> Дата доступа: 10.01.2019
- 2 Жүсіпова А. Білім мен білік ұштасса болон процесі және қазақстанның жоғары білім беру жүйесі // Режим доступа – <http://kazgazeta.kz/?p=2934> Дата доступа: 10.01.2019.
- 3 Түймебаев Ж.К., Балыкбаев Т.О., Омирбаев С.М., Сагиндикова И.У., Нефедова Л.В. Националь-ная система оценки качества образования: принципы и перспективы развития. – Астана: ИД «Сарыар-қа», 2007. – 272 с.
- 4 Абдиев К.С., Интымаков Т.Ж., Алтыбаева Ш.Б., Внешняя оценка учебных достижений в высшем образовании / Евразийская Ассоциация оценки качества образования (ЕАОКО) // Качество образова-ния в Евразии. – 2015. – №3. – С. 39-45.
- 5 Өтебаев М. Үштілді білім беру арқылы күзиретті тұлғаны қалыптастыру – заман талабы // Режим доступа – http://old.baq.kz/kk/news/bilim/ushtildi_bilim_beru_arkili_kuziretti_tulgani_kalipastiru_zaman_talabi20160822_150300 Дата доступа: 10.01.2019
- 6 Интымаков Т.Ж., Алтыбаева Ш.Б., Скабаева Т.Н., Баимбетова К.Э. Жоғары білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау // ҚазҰУ «Хабаршы» журналы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – 2014. – №1 (41). – 11-21 б.
- 7 Memleket basshysynyn bolashakka bagdar ruhani zhangyru atty makalasy // Press-conferences mate-rialdar. Режим доступа – http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhan-gyru-atty-makalasy Дата доступа: 10.01.2019

References

- 1 Abdiev K.S., Intymakov T.Zh, Altynbaeva Sh.B. (2015). Vneshnyaya ocenka uchebnykh dostizhenii v vysshem obra-zovani. Evraziiskaya Assotsiatsiya ocenki kachestva obrazovaniya (EAOKO) [External evaluation of educational achievements in higher education. Eurasian Association of education quality assessment (EAOKO)]. Kachestvo obra-zovaniya v Evrazii [Education Quality in Eurasia]. Moscow, 3, 39-45 (In Russian).
- 2 Anuarbek, A. (2019 10 Jan) «Bolonsız» bilim bolmadı ma? [Could it be that Boulder did not exist?]. Retrieved from <http://kazbilim.kz/?p=2997> (In Kazakh)
- 3 Intymakov T.Zh, Altynbaeva Sh.B., Skababaeva K.E. (2014) Zhogary bilim berudegi oku zhetistikterin syrttai bagalau [External evaluation of academic achievements in higher educa-tion]. KazUU «Khabarshy» zhurnaly (Pedagogikalik gylymdar seriyasy) [Journal of Educational Sciences]. 1(41), 11-21 (In Kazakh).
- 4 Memleket basshysynyn bolashakka bagdar ruhani zhangyru atty makalasy (2019 Jan 10) [The state of mind is the future of spiritual zhangyru atty makalasy]. Press-conferences materialdar [Materials of Press-conferences]. Retrieved from http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhan-gyru-atty-makalasy (In Kazakh)
- 5 Tuimebaev Zh.K., Balykbaev T.O., Omirbaev S.M., Sagindikova I.U., Nefedova L.V. (2007). Nacionalnaya sistema ocenki kachestva obrazovaniya: principy i perspektivy razvitiya. [National system of education quality assessment: prin-ciples and prospects of development]. Nauchno-prakticheskoe izd. [Scientific-practical Publishing]. Astana: ID «Sar-yarka», 272. (In Russian).
- 6 Zhusipova A. (2019 Jan 10). Bilim men bilik ustassa bolon procesi jane ka-zakstannın jogarı bilim beru juyesi [Bolashak process and knowledge of Kazakhstan’s higher education system]. Retrieved from <http://kazgazeta.kz/?p=2934> (In Kazakh)
- 7 Utebayev M. (2019 Jan 10) Ushtildi bilim beru arkili kuziretti tulgani kalipastiru – zaman talabi [Formation of competent per-son by means of trilingual education is a modern requirement]. Retrieved from http://old.baq.kz/kk/news/bilim/ushtildi_bilim_beru_arkili_kuziretti_tulgani_kalipastiru_zaman_talabi20160822_150300 (In Kazakh)